

Список литературы:

1. Ахметова Н.С., Кожаметов Г.З. История государства и права Республики Казахстан. Ч.1. С древнейших времен – до начала XX века. – Караганда: КарГУ, 2001. – 334 с.
2. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1982. -168 с.
3. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.3. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1979. – 544 с.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.3. - Алма-Ата: «Атамұра», 2000. – 488 с.
5. Аспандиаров Б. Образование Букеевской Орды и ее ликвидация: Дис. канд. ист. наук: 07.00.09. - Алматы, 1947. – 145 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ ФУНКЦИЯСЫН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Бирманова А.И., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Сарсенбаева Д.Ж., заң факультетінің I курс магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолын ұстанған, яғни бұдан мемлекеттің саяси – экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа салаларды демократияландыру, азаматардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, экологияны сақтау, әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету міндеттері туындайды.

Мемлекеттің негізгі мақсаты – қоғам үшін, қоғамдағы адамдардың топтары үшін, қоғамның дамып өркендеуі үшін әртүрлі бағытта қызмет атқаруы тиіс. Қоғам өте күрделі құбылыс. Қоғамның негізгі тірегі - өндіріс. Өндірісті ұйымдастырып, дамыту үшін мемлекетте, адамның бірлестіктері де, жекелеген адамдар да қажетті іс - әрекет жасап отырады. Бұл салада мемлекет функцияларының қызметі әр түрлі. Мемлекет өз иелігіне қарайтын барлық функцияларды (әлеуметтік, экологиялық, экономикалық) тікелей басқарып, олардың жұмысын реттеп отырады.

Мемлекет және құқық теориясы ғылымында мемлекет функциясы мәселесі ерекше орын алады. Функция (латын *functio* – орындау дегенді білдіреді) – заң ғылымында мемлекет пен құқық алдында тұрған мүдде – мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және әдіс – тәсілдерін анықтап, оларды іске асыруға біріктіреді.

Мемлекет функциясы мемлекет алғаш пайда болған кезден бастап, бірқатар қызметтерді (мысалы, жол салу, қорғаныстар салу) сауда мен қаржы айналымын, қоғамдық тәртіпті сақтау мен кейбір көптеген басқа да қызметтерді атқарып келеді.

Тіпті тарихи алғашқы әлі дамымаған құл иеленушілік қоғам мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырған:

1. құлиеленушінің жеке меншігін тәуелсіз ету, бірақ халықтың кедей топтарын қорғау;
2. құлдардың қарсылығын басу;
3. басқа мемлекеттер мен халықтар арасында бейбіт әріптестік және сауда қатынасын орнату;
4. елді қорғау және басқа территорияларды жаулау [1, 5].

Ежелгі кезде де мемлекет бірқатар маңызды функцияларды атқарып, мемлекеттің негізгі бағыттарын айқындап отырды. Бұдан 2 ғасыр бұрын өмір сүрген ағылшын экономисті Адам Смиттің тұжырымдауы бойынша «Табиғи еркіндік жүйесіне сәйкес, мемлекет аса маңызды да нақты және түсінікті 3 функцияны атқару керек. Олар:

- Қоғамды күш көрсетуден және өзге тәуелсіз қоғамдық топтардың басып кіруінен қорғау;
- Мүмкіндігіне қарай, қоғамның әр мүшесін әділетсіздіктен және сол қоғамның өзге мүшелерінің тарапынан езгіден сақтау;
- Жекелеген адамдар мен шағын топтардың мүдделеріне қызмет етпейтін белгілі бір қоғамдық мекемелерді ұстау міндеттелігі [2, 62].

Бұдан көріп отырғанымыздай, мемлекет функциясы мемлекеттің алғаш пайда болған кезінен бастап, қазіргі уақытқа дейін көптеген қызметтерді жүзеге асырып келе жатқанын көрсетеді.

Өйткені, халық өмірінің барлық саласы өздігінен реттелмейді, нарықтық экономика жағдайының өзінде жеке меншік, бәсекелестік, бірлесу бостандығы тағы басқалар болғанымен,

мемлекет «түнгі қызметшінің» рөлін атқарып немесе «көрінбейтін қол» ретінде шектен тыс араласпай, тек бақылап, қадағалап, заңдық тұрғыдан реттеп отыруы тиіс. Мемлекет болмаса ешқандай кәсіпкерлік, кәсіпорын, әлеуметтік аз қамтылған халықтардың белгілі бір тобын қамтамасыз етуге, атмосфераны, суды, жерді, қорғау ынталы болмайды. Мемлекет осы тұрғыда әлеуметтік теңестіруші рөлді атқарады, алым – салықтан тағы да басқа кіріс көздерінен түскен мемлекеттік бюджеттегі қаражатты білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет пен ғылымды дамыту, табиғат қорғау, қарулы күштерді дамыту тағы басқа салаларды қолдауға жұмсайды.

Мемлекет функциялары – бұл мемлекеттің мәнін және мақсат — міндетін білдіретін оның қызметінің негізгі бағыттары. Мемлекет функциялары оның оның мақсат– міндетімен байланыстырылған, оның мәніне тәуелді және оның өзгеруіне байланысты, басқа тәртіптегі мәнге өтуіне байланысты өзгеріп отырады. Сонымен, мемлекет функциялары — өзгеріп отыратын категория [3, 21].

Мемлекет функцияларын анықтауда, біз ең алдымен мемлекеттің қоғам өміріндегі жалпы рөлін басшылыққа алуымыз керек. Бұл жерде бірінші орынға мемлекеттің адамдарды қауымдастыққа біріктіретін, олардың мүдделерін түйістіретін, жалпы нормаларды сақтауға мәжбүрлейтін және геосаяси тұтастықты қалыптастыратын біріктіруші рөлі қойылады. Бұдан мемлекеттің ең бірінші функциясы мәжбүрлеу функциясы екендігін көруге болады.

Мәжбүрлеу функциясы әртүрлі әдістер мен құралдар арқылы іске асуы мүмкін. Бұл не тікелей күш көрсету болуы мүмкін, не жанама мәжбүрлеу болуы мүмкін. Барлық мемлекеттерде билік құрушы субъект мәжбүрлеуді пайдаланады, бірақ оны әр жағдайда әрқалай қолданатындықтан мазмұны мен сипаты, әдістері мен құралдары әрқилы болуы мүмкін.

Осы функцияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік биліктің құрылымында мәжбүрлеу күштері қалыптасады, яғни олар: әрекеттерді нормативті тұрғыда бағалайтын және кінәлі немесе кінәлі еместігінің объективті ақиқатын белгілейтін, мәжбүрлеу шаралары туралы мәселелерді шешетін заң органдары; тергеу органдары; полиция; пенитенциарлық мекемелер және басқалары.

Өркениетті мемлекеттерде мәжбүрлеу құқығына тек мемлекеттік билік органдары ғана ие. Мәжбүрлеу функциясы, мемлекеттің басқа да функциялары сияқты, органдар мен билік субъектілерінің биліктік өкілеттіктерінде белгіленеді. Бірақ құқықтық мемлекетте мемлекеттік билік органдары мәжбүрлеу шараларын құқықтық нормалар шеңберінде ғана қолдана алуы мүмкін. Сондықтан мәжбүрлеу әрекеттері заңды деп танылатындықтан азаматтар оларды қабылдауға және бағынуға міндетті.

Алайда, билік құру өз мазмұны бойынша агрессивті әрекет болғандықтан билік жүргізуші субъект тікелей тиімділік пен нәтижелілікке қол жеткізу үшін мәжбүрлеу әдістері мен құралдарын қолдануда заңмен белгіленген шектен шығып кетуі де мүмкін. Бұл әрекеттердің заңсыз екендігі анық, ал олардың қажеттілігі және іс жүзінде өзін ақтағанына сілтеме жасау жеткілікті негіз болып табылмайды.

Мәжбүрлеу функциясының болуы мемлекетті билік құрушы күштердің қолындағы сойылға, диктатураның, террордың құралына айналдырып жіберуі мүмкін.

Мемлекеттің келесі функциясы – келісімдік функция. Мемлекеттің саяси қатынастардың әртүрлі субъектілерінің арасын келістіруші орган екендігі сөзсіз, ол айтыс-тартыстарда төреші ретінде қатысады, позициялардың жақындасуына жәрдемдеседі. Мәселен, мемлекеттік органдардың еңбек пен капитал арасындағы келісімдік рөлі белгілі. Сондықтан өркениетті мемлекет үшін саяси қатынастардың барлық субъектілерінің түпкілікті мүдделері туралы қамқорлық басты болып саналады, және бұл қамқорлық тек қағаз жүзінде қалып қоймауы үшін мемлекеттік органдар барлық азаматтардың мүдделерін қамтып, білдіре алатындай және азаматтық қоғам ұйымдарымен кең қарым-қатынасқа түсе алатындай саяси қатынастардың барлық субъектілерінің түпкілікті мүдделерін белсенді қорғай алатын дамыған құқықтық базаға ие бола отырып құрылымдануы тиіс.

Келісімдік функция – мемлекеттің маңызды функциясы, оның іргетасы. Бұл функция қоғамның саяси мәдениетінің қалыптасу мен даму деңгейіне, оның өркениеттенуінің артуына орай жан-жақты және маңызды бола түседі. Келісімдік функция адамгершілік, қайырымдылық, ізгілік, төзімділік секілді ұғымдар басты болатын ділдің дамуымен де байланысты. Мемлекеттің келісімдік функциясының жүзеге асуында азаматтық қоғам институттары маңызды мәнге ие.

Мемлекеттің үшінші функциясы – ұйымдастырушылық. Мемлекет адамдардың әлеуметтік өмірінің негізгі аспектілерінің ұйымдасуына қатысады. Бұл үшін мемлекеттік меншіктің; мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің; мемлекеттік органдар қызметінің жалпылық, міндеттілік

және басқарушылық сипаттарының; құқықтық базаның; мемлекет шараларының заңдылығының болуы шарт.

Мемлекет өзінің табиғи, функционалды ерекшеліктеріне орай экономикалық дамудың күшті факторы бола алады. Этатизм (мемлекеттің экономикаға ықпалы) айқын формада барлық мемлекеттерде болады, ал кейбір мемлекеттердің қызметінде басты болып барлығын қамтиды. Этатизм қауымдастықтың тіршілік әрекеті үшін қажетті бағдарламалық мәселелерді, мақсаттарды шешуге қажетті күштерді жұмылдыруға мүмкіндік береді. Мәселен, экономика саласында – бұл мемлекеттің экономикалық қуаты мен экономикалық дербестігінің артуы, ішкі рынокты қорғауы, әлемдік қауымдастықта экономикалық белсенділігін қамтамасыз етуі және т.б. [4, 104].

Алайда, қазіргі саяси тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттің экономикалық салмағының шектен тыс күшеюі мемлекеттік биліктің ықпалының қалыптан тыс ұлғаюына, азаматтық қоғам институттарының шектелуі мен шеттетілуіне, қоғамның саяси тоқырауына алып келетін демократияға жат тенденциялардың пайда болуына әкеліп соғады.

Мемлекет әлеуметтік өмірдің негізгі аспектілерін реттеуге де қатысады. Ол қоғамдағы әлеуметтік жағдайды қадағалауға, қоғамдық көзқарасты бақылауға, қоғамның кеселді тұстарымен, қайшылықтарын анықтап, алдын алуға міндетті.

Мемлекет белгілі бір деңгейде қоғамның рухани өмірінің ұйымдастырушысы да болып табылады. Ол адамдардың тіршілік әрекетінде қызмет ететін әлеуметтік қағидаларға, адамгершілік принциптерге, өскелең ұрпақтың болашағына, оның азаматтық кемеліне жетуіне, рухани мәдениетті игеруіне, әлеуметтік өмірге дайындық деңгейіне және басқаларына бей-жай қарай алмайды.

Мемлекеттің рухани өмірді ұйымдастыру мүдделілігі саяси экстремизмнің шектен тыс формасында көрінуі мүмкін, мысалы, қоғамның рухани өмірінің барлық тұстарының мемлекеттің саяси бақылауында болуы және осыған байланысты мемлекеттің идеократтық саяси жүйеге айналуы тоталитарлық режимдерге тән құбылыстар. Бұл үрдісті авторитаризмнен де байқауға болады, себебі авторитаризм де халықты біріктіретін идеологияға сүйенеді.

Мемлекеттің төртінші функциясы – қорғау функциясы. Мемлекет қоғам тұрақтылығы мен оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып қорғайды. Ол адамдар қауымдастығын сыртқы теріс әсерлерден және ішкі деструктивті, қиратушы күштерден қорғауы қажет. «Милитаристік мемлекеттер», «полициялық мемлекеттер» деп аталатын мемлекеттерде қарастырып отырылған функция шектен тыс артып, үстемдік етеді [5, 121].

Қарастырылып өткен функциялардың барлығы қандай дәрежеде болмасын барлық мемлекеттерге тән, себебі олар мемлекет мәнінің көрінісі болып табылады, және оның табиғатын мен негізінен туындайды. Бірақ мемлекет түрлерін анықтауда бұл функциялардың арақатынастары әртүрлі екендігі байқалады. Олардың мемлекеттің тіршілік әрекетіндегі орнын басқару формалары мен саяси режим ерекшеліктеріне сай құрылған мемлекеттік органдардың құрылымдық өзіндік ерекшелігі анықтайды.

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттары мемлекет функциясы деп аталады. Мемлекет функциясы оның ел ішінде де, халықаралық аренадағы тұрақтанған пәндік - тәжірибелік қызметін сипаттайды. Мемлекеттің атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын әлеуметтік, саяси, экономикалық және өзге себептерге өмірлік қажеттілік ретінде қарастырылады. Қандай да функцияны атқару қоғам үшін де, мемлекет үшін де кейбір қиындықтарды туғызады. Барлық мемлекеттер үшін елдің қорғаныс қабілеттілік функциясын тұрақтандыруға, басқа мемлекеттермен жақсы қарым – қатынас орнатуға тырысады. Осы функцияны дұрыс орындамаған жағдайда мемлекет елді басқару құқығынан толық немесе уақытша айырылуы мүмкін.

Мемлекеттің қоғам істерін басқарудың күрделі және көп қырлы қызметі бір уақытта біреу емес, бірнеше функцияның жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Әрбір функция қоғам өмірінің негізін құрайтын – экономика, саясат, әскери құрылыс, экология және тағы басқалар белгілі бір қоғамдық қатынастардың саласына қатысты жүзеге асады.

Мемлекет функциясы термині оның әлеуметтік мақсаты көрінетін мемлекет қызметінің негізгі, маңызды бағыттарын айқындау үшін қолданылады. Құқықтық мемлекетте заңшығарушы, атқарушы, және сот билігінің негізгі бағыттары ортақ табиғатына ие. Олардың бірінші кезектегі мақсаты қоғамның жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету.

Функциялар теориясы:

- Мемлекеттің іс-әрекеті жағын сипаттайды, оның рөлін, мәнін даму перспективасын ашады, басқа жақтармен қатынасын анықтайды.
- Мемлекеттің қызметін өзінің бағыты бойынша бөлуге, реттеуге мүмкіндік береді.

- Соңғысын олардың мүмкіндігіне, мәніне, іс жүзіндегі нәтижелілігіне қарай, олардың орындалу кезегі бойынша пікір қалыптастыра отырып, бағалауға мүмкіндік береді. Сөйте тұра ол саясаткерлерді мемлекеттік қызметті дәл осы күндері қалыптасқан нақты жағдайдың ерекшеліктерімен шығармашылық үйлестіруге және оның түрлі бағыттарына дер кезінде өзгертулер енгізудің қажеттігіне бағыттайды.

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының функцияларын дамыту тенденцияларының мынадай жолдары іске асуы мүмкін:

1. функциялардың мазмұны мен шеңберін кеңейту, бұлардың көбісінің мемлекеттік ішкі мәніне ұласуы;
2. бұрынғы кеңестік мемлекеттілік сатысына қарағанда барлық функциялардың мазмұнының іс жүзінде түпкілікті өзгеруі;
3. мемлекеттің функцияларында жалпыәлеуметтік, жалпыдемократиялық, гуманистік (адамгершілік) мәні бар бағыттардың көбеюі;
4. мемлекет өзінің «қоғам мен тұлға құлы» делінетін жаңа рөлін меңгеруі;
5. мемлекет функцияларының мақсатты бағыттарының өзара байланыстылығы, үйлесімділігі және бірыңғайлылығы;
6. жалпы дүниежүзілік жүйенің елдің ішіндегі және дүниежүзілік аренадағы мемлекеттік қызметке тигізетін ықпалы;
7. қоғам ісін басқаруда мемлекеттің функционалдық рөлінің артуы [6, 19].

Қорыта айтқанда, осы ғылыми еңбегіміздің нәтижелері мемлекеттің функциясы мен мәнін оны себептік қатынастарымен байланыстыра отырып, кейбір аралық факторлармен, атап айтқанда дамудың белгілі бір кезеңінде мемлекеттің алдында тұрған міндеттермен жанама байланыстыра түседі. Мемлекеттің міндеті неғұрлым динамикалық фактор, демек мәніне қарағанда анағұрлым өзгермелі. Мемлекеттің экономика, әлеуметтік және рухани қатынастар саласындағы, қылмыспен және құқық бұзушылықпен күресте, сыртқы саясаттағы нақты міндеттерінің жиі өзгеруі мемлекеттің қызметтің тиісті түрлерінің ауқымы мен қарқынына, олардың арақатынасының пропорциясына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Баймаханов М.Д. «Нормативно-правовой механизм осуществления функции государства» // Информационная эпоха: общество, экономика, культура, право. Материалы междунаучно-теор. конференции. - Алматы 23 мая 2002. - С.4-8
- 2 Каск Л.И. Функции и структура государства. - Л., 1969. - 158 с
- 3 Сұлтанәлі Г. Әлемдік саясат аясындағы ұлттық мүдделер // Саясат. – 2004.- №3. -Б.55.
- 4 Шестаев Н.Т. Функции и структура государства. - М.,2002. - 234 с.
- 5 Мухамедов М.Б. Қазақстан әлемдік қауымдастықта - Алматы, 2000.- 256 б.
- 6 Абдулпаттаев С. Интеграциялық саясат // Ақиқат. – 2003. - № 6.- Б.45

ҚАЗАҚСТАН ПАРЛАМЕНТАРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ XII ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ РӨЛІ

Отарбаева А.Т., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының саяси тарихында XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің ролі ерекше. Жоғарғы Кеңестің сайлауы 1990 жылдың наурыз айында өткізілді. Әкімшілік-командалық жүйенің ықпалы әлі де болса сақталып отырған жағдайда алғаш рет жоғарғы өкілді орган кең демократиялық негізде сайланды. Сайлау алдындағы күресте 360 депутаттық мандат үшін 2 мыңнан аса үміткер қатысты. 270 аумақтық округтің басым көпшілігінде сайлау баламалы негізде жүргізілді, бәсекелестік деңгейі жоғары болды.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеске қатысты алғашқы сөзі жиі қолданылады. Алғаш рет 90 депутат қоғамдық ұйымдармен сайланды, нәтижесінде сол кезеңдегі қоғамдық-саяси топтар өз өкілеттілігін іске асыра алды. Бүкілхалықтық ерік білдіру нәтижесінде сексен бес пайыздан аса депутат алғаш рет сайланды. Алғаш рет ғылыми-шығармашылық зайырлы қауым өкілдерінің кең көлемі қамтылды. Жоғарғы Кеңес алғаш рет тұрақты негізде жұмыс істей бастады.

Сайлануы ел өмірінің ауыртпалығы мол, аумалы-төкпелі тұсына сай келген Жоғарғы Кеңес жұмыс барысында кәсіби парламент элементтері белсенді пайдаланылған заңшығармашылық